

**Ілбекова Құралай Бақытбекқызының
8D10102 - «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алуға ұсынылған «Радиоактивті қалдық қоймалары жақын орналасқан елді
мекендердегі халықтың қатерлі ісік аурушандық қаупін бағалау және оны төмендетудің
тиімді әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

№ п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (қажеттісін белгілеу)	Ресми рецензенттің негіздемесі (ескертулер курсивпен белгіленеді)
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күні бойынша) ғылым дамуының басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	<p>1.1. Диссертациялық тақырыптың ғылым дамуының басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертациялық жұмыс мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын жоба немесе нысаналы бағдарлама аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету қажет);</p> <p>2) диссертациялық жұмыс басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету қажет);</p> <p>3) диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметіне қарасты Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету қажет);</p>	<p>Ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметіне қарасты Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыты - өмір және денсаулық туралы ғылым саласына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың бір бөлігінің материалдары ҚР БҒМ №237 ғылыми грантының (26.03.2018 ж.) аясында 2018–2020 жылдары жүзеге асырылған «Радиоактивті қалдықтар қоймалары әсер ететін аймақта тұратын халықтың радиациялық қауіптілігін төмендету әдістерін әзірлеу және зерттеу» атты жобаның бір бөлігі болып табылады.</p>
2.	Зерттеудің ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады / қоспайды, ал оның ғылым үшін маңыздылығы жақсы ашылған / ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыс радиоактивті қалдықтар қоймасына жақын орналасқан елді мекендерде тұратын тұрғындар арасындағы қатерлі ісік аурушандығын бағалауға және радиациялық-эпидемиологиялық қауіптерді кешенді талдауға арналған. Зерттеу тақырыбы медицина ғылымдарының өзекті бағыттарына, атап айтқанда, радиациялық медицина және эпидемиология, қоршаған ортаны қорғау салаларына толық сәйкес келеді.</p>

			<p>Жұмыста 2014-2023 жылдар аралығында қатерлі ісік аурушандығына жынысы, жасы, тұрғылықты жерінде тұру ұзақтығы, ісіктердің локализациясы мен сатылары, сондай-ақ ықтимал радиациялық әсер ету факторлары бойынша жан-жақты эпидемиологиялық талдау жүргізілген. Қазіргі заманғы статистикалық өңдеу әдістері қолданылған, оның ішінде аурушандықтың стандартталған коэффициенттері (SIR), өмір бойғы қатер көрсеткіші (Lifetime Risk), логистикалық және регрессиялық модельдер есептелген, сондай-ақ Каплан–Майер әдісі бойынша өміршеңдік талдауы орындалған. Сонымен қатар зерттеу шеңберінде биоматериалдарды (зәр) іріктеу жүзеге асырылып, зертханалық талдаулар жүргізілген. Зәр үлгілеріндегі уранның мөлшері анықталып, алынған нәтижелер креатининге нормализациялау арқылы бағаланған. Зерттеу нәтижелерінің негізінде қатерлі ісіктің жекелеген локализациялары бойынша ауруды ерте кезеңде анықтауға арналған алгоритм әзірленген, сондай-ақ пациенттерді кезең-кезеңімен бағыттау (маршрутизация) алгоритмі ұсынылған. Бұдан бөлек, зерттелген өңірлер үшін онкологиялық қауіп тұрғысынан критикалық топты айқындау алгоритмі жасалған. Аталған алгоритмдер негізінде алынған практикалық ұсынымдар денсаулық сақтау жүйесінің құрылымдарына енгізу үшін ұсынылған.</p> <p>Алынған нәтижелер радиациялық канцерогенез механизмдерін ғылыми тұрғыда тереңірек түсінуге елеулі үлес қосады және қатерлі ісік аурушандығын төмендетуге бағытталған алдын алу шараларын,</p>
--	--	--	--

			сондай-ақ өңірлік медициналық-экологиялық бағдарламаларды әзірлеу үшін құнды ғылыми негіз болып табылады. Диссертациялық жұмыс пәнаралық сипатқа ие және денсаулық сақтау ұйымдарының, ғылыми-зерттеу және сараптамалық мекемелердің практикалық қызметінде қолдануға ұсынылады.
3.	Зерттеудің дербестік қағидасы	Өзіндік орындау деңгейі:	Жұмыс медицина саласында елеулі ғылыми және практикалық маңызы бар, дербес орындалған ғылыми зерттеу болып табылады. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері автордың тікелей және жеке орындауымен жүзеге асырылған. Медициналық және эпидемиологиялық деректерді жинау, зерттеу базасын қалыптастыру, статистикалық өңдеу әдістерін таңдау, алынған нәтижелерді талдау және интерпретациялау кезеңдерінің барлығы диссертанттың жеке қатысуымен орындалған. Автор зерттелетін аумақтарда жүргізілген радиациялық-гигиеналық зерттеулерге, биоматериалдарды (зәр үлгілерін) іріктеуге және зертханалық талдауларды ұйымдастыруға белсенді түрде қатысқан. Зәр үлгілеріндегі уран мөлшерін анықтау және алынған нәтижелерді креатининге нормализациялау бойынша зертханалық жұмыстар автордың тікелей қатысуымен жүзеге асырылған. Автор стандартты эпидемиологиялық көрсеткіштерді есептеуден бастап көпфакторлы статистикалық модельдер құруға дейінгі заманауи талдау әдістерін тиімді қолданған. Зерттеу қорытындылары алынған деректерге негізделіп, логикалық түрде тұжырымдалған. Автор ғылыми мақалалар дайындауға, сондай-ақ
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзіндік орындау жоқ.	

			зерттеу нәтижелері бойынша денсаулық сақтау жүйесінің құрылымдарына арналған әдістемелік және практикалық ұсынымдар әзірлеуге белсенді қатысқан.	
4.	Ішкі тұтастық қағидасы	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық әрі жан-жақты негізделген. Зерттеуде созылмалы иондаушы сәулеленудің техногендік көздерінің әсер ету жағдайында өмір сүретін тұрғындар арасында қатерлі ісіктердің деңгейі мен құрылымын зерделеу қазіргі медицина ғылымындағы басым және өзекті бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі радиациялық-гигиеналық зерттеулердің нәтижелерімен, сенімді медициналық-статистикалық деректермен, сондай-ақ 2014-2023 жылдар аралығындағы мәліметтерге жүргізілген ретроспективтік талдаумен дәлелденген. Диссертациялық жұмыс онкоэпидемиология және радиациялық медицина салаларындағы өзекті ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған.	
		1) негізделген;		
		2) жартылай негізделген;		
		3) негізделмеген.		
		4.2 Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық қамтиды:		Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толық әрі жүйелі түрде ашады. Жұмыстың әрбір бөлімінде радиациялық әсер деңгейінің жоғары болуы жағдайында онкологиялық аурушандықтың ерекшеліктерін анықтауға бағытталған зерттеу мақсаты айқын көрініс табады. Зерттеу нақты медициналық-статистикалық деректерге, заманауи талдау әдістеріне және онкологиялық қауіпті бағалау үшін көрсеткіштерді ғылыми тұрғыда негіздеп таңдауға сүйенеді. Диссертацияның барлық мазмұны клиникалық, эпидемиологиялық және радиациялық-гигиеналық
		1) қамтиды;		
2) жартылай қамтиды;				
3) қамтымайды.				

			міндеттермен өзара үйлесімді және логикалық тұрғыда құрылған.
		4.3. Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Қойылған мақсат пен міндеттер медициналық бағыт пен зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Олар радиациялық әсердің қатерлі ісік аурушандығы көрсеткіштеріне әсерін зерттеуге, эпидемиологиялық заңдылықтарды анықтауға, қауіпі жоғары топтарды белгілеуге негізделген және алдын алу ұсынымдарын әзірлеуге бағытталған.
		1) сәйкес келеді;	
		2) жартылай сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен тұжырымдары логикалық тұрғыда өзара байланысты:	Барлық бөлімдер мен диссертациялық жұмыстың тұжырымдары қисынды түрде құрылып, өзара бірізді байланысқан.
		1) толық өзара байланысты;	
		2) өзара байланысы жартылай;	
		3) өзара байланыс жоқ.	
		4.5 Ізденуші ұсынған жаңа шешімдер (қағидалар, әдістер) белгілі тәсілдермен салыстырмалы түрде негізделген және бағаланған:	Автор зерттеуде бұрыннан белгілі эпидемиологиялық әдістерге сындарлы талдау жүргізіп, олардың негізінде жаңа әдістемелік тәсілдер ұсынған. Ұсынылған тәсілдерге стандартталған көрсеткіштерді қолдану, көпфакторлы статистикалық талдау, сондай-ақ онкологиялық қауіпті болжау үлгілерін пайдалану жатады. Аталған әдістер зерттеліп отырған аймақтың радиациялық-эпидемиологиялық ерекшеліктеріне бейімделіп, клиникалық-диагностикалық бағытта тиімді қолданылған, бұл алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен практикалық маңызын арттыра түседі.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау жартылай жүргізілген;	
		3) талдау ізденушінің жеке пікірі емес, өзге авторлардың дәйексөздерінен құралған;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңалық қағидасы	5.1 Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жаңалығы қандай?	Диссертациялық жұмыста радиоактивті қалдықтар қоймаларына жақын орналасқан елді мекендерде тұратын халық арасындағы онкологиялық аурушандықтың эпидемиологиялық сипаттамасы алғаш рет кешенді түрде ұсынылған. Зерттеу барысында аурушандықтың құрылымы, жастық және жыныстық ерекшеліктері, ауру сатылары, өмір сүру ұзақтығы,
		1) толықтай жаңа;	
		2) жартылай жаңа (жаңалығы 25–75% аралығында);	
		3) жаңа емес (жаңалығы 25%-дан аз).	

			<p>сондай-ақ сәулеленумен байланысты өмір бойғы қатер көрсеткіштері заманауи биостатистикалық әдістерді қолдану арқылы алғаш рет жан-жақты бағаланған. Алынған нәтижелер радиациялық канцерогенез туралы қазіргі ғылыми түсініктерді толықтырып, нақтылай түседі.</p> <p>Созылмалы төмен дозадағы иондаушы сәулеленудің әсері жағдайында онкологиялық патологияның қалыптасу ерекшеліктеріне қатысты тұжырымдар нақты сандық бағалармен дәлелденіп, бірегей эпидемиологиялық деректерге негізделген. Бұл тұжырымдар зерттелетін аймақтарда алдын алу және санитарлық-гигиеналық іс-шараларды жетілдірудің ғылыми негізділігін көрсетеді.</p>
		<p>5.2 Диссертациялық жұмыстың қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толықтай жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (жаңалығы 25–75% аралығында);</p> <p>3) жаңа емес (жаңалығы 25%-дан төмен).</p>	<p>Созылмалы төмен дозадағы иондаушы сәулеленудің әсерінен онкологиялық патологияның қалыптасу ерекшеліктері жөніндегі тұжырымдар нақты сандық бағалармен дәлелденіп, бірегей деректерге негізделген. Бұл тұжырымдар зерттелетін аймақтарда алдын алу және санитарлық-гигиеналық шараларды жетілдіру қажеттігін дәлелдейді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдер жаңа және ғылыми негізделген:</p> <p>1) толықтай жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (жаңалығы 25–75% аралығында);</p> <p>3) жаңа емес (жаңалығы 25%-дан төмен).</p>	<p>Зерттеу нәтижелері негізінде радиациялық қауіптің онкологиялық тәуекелін төмендетуге бағытталған жаңа және ғылыми негізделген кешенді басқарушылық шешімдер мен ұсынымдар алғаш рет әзірленген. Ұсынылған шешімдер ұйымдастырушылық, медициналық және профилактикалық іс-шараларды қамтып, зерттелетін өңірлердің радиациялық-эпидемиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып қалыптастырылған. Аталған ұсынымдардың ғылыми негізділігі алынған эпидемиологиялық және клиникалық</p>

			деректермен дәлелденген, ал олардың практикалық маңызы денсаулық сақтау жүйесінде басқарушылық шешімдер қабылдау, алдын алу шараларын жоспарлау және онкологиялық қауіпі жоғары топтармен жұмысты жетілдіру үшін қолдану мүмкіндігімен айқындалады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізделуі	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан салмақты дәлелдерге негізделген немесе сапалы зерттеулер (qualitative research) мен өнер және гуманитарлық ғылымдар салалары үшін жеткілікті негізделген.	Автор жасаған қорытындылар қойылған мақсаттар мен зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді, ал олардың дұрыстығы заманауи статистикалық талдау әдістерін қолдану арқылы дәлелденіп, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен сенімділігін айқындайды.
7.	Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар	<p>Төмендегі сұрақтарға әрбір тұжырым бойынша жеке-жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</p> <p>1) дәлелденген;</p> <p>2) көбіне дәлелденген;</p> <p>3) көбіне дәлелденбеген;</p> <p>4) дәлелденбеген;</p> <p>5) тұжырымның қазіргі кезеңінде оның дәлелділігін анықтау мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалді ме?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) тұжырымның қазіргі кезеңінде оның тривиалдылығын анықтау мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңалығы бар ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) тұжырымның қазіргі кезеңінде оның жаңалығын анықтау мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең;</p>	<p>7.1. Қорғауға шығарылған барлық негізгі ережелер толық дәлелденген. Олардың шынайылығы клиникалық-эпидемиологиялық зерттеу нәтижелерімен, негізгі және бақылау топтарының деректерін салыстырумен, сондай-ақ заманауи статистикалық талдау әдістерін қолдану арқылы негізделген. Бұл аталған ережелерді ғылыми тұрғыдан дәйекті және әдістемелік жағынан негізделген деп бағалауға мүмкіндік береді.</p> <p>7.2 Ұсынылған тұжырымдар техногендік радиациялық факторлар мен онкологиялық аурушаңдық арасындағы бұрын сипатталмаған өзара байланыстарды, сондай-ақ онкологиялық қауіпті төмендетуге бағытталған жаңа тәсілдер мен ұсынымдарды қамтиды, сондықтан тривиалды болып табылмайды.</p> <p>7.3 Әрбір тұжырым бұрын жүргізілген зерттеулерде кездеспеген жаңашыл элементтерді қамтиды, оның ішінде радиациялық әсер жағдайында онкологиялық ауруларды ерте анықтау мен алдын алу тәсілдерін жетілдіруге</p>

		4) тұжырымның қазіргі кезеңінде оның қолдану деңгейін анықтау мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ; 3) тұжырымның қазіргі кезеңінде мақала дәлелділігін анықтау мүмкін емес.	бағытталған ғылыми негізделген шешімдер ұсынылған. 7.4 Ұсынылған тұжырымдар кең ауқымда қолдануға ие және ғылыми-зерттеу және клиникалық тәжірибеде, сондай-ақ өңірлік және салалық деңгейлерде профилактикалық іс-шараларды жоспарлау кезінде пайдаланылуы мүмкін. 7.5 Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар ғылыми басылымдарда, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық дерекқорларға енгізілген ғылыми журналдарда жарияланған мақалаларда көрініс тапқан.
8.	Шынайылық қағидасы	8.1 Методологияның таңдалуы – негізделген немесе методология жеткілікті түрде егжей-тегжейлі сипатталған:	Методологияны таңдау ғылыми тұрғыдан негізделген, ал оның сипаттамасы диссертациялық жұмыста жеткілікті деңгейде толық және жүйелі түрде берілген. Қолданылған әдістер логикалық бірзділікпен, дәлелді түрде ұсынылып, медицина саласындағы эпидемиологиялық және медико-статистикалық зерттеулерге қойылатын қазіргі заманғы талаптарға толық сәйкес келеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың шынайылығы	1) <u>иә</u> ;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін, сондай-ақ компьютерлік технологияларды пайдалана отырып алынған:	
		1) <u>иә</u> ;	Диссертациялық зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми талдау әдістерін қолдану арқылы алынған. Зерттеу барысында бастапқы медициналық және эпидемиологиялық деректерді жинау, радиациялық жағдайды бағалау, сондай-ақ математикалық және статистикалық модельдеу әдістері пайдаланылған. Деректерді өңдеу және интерпретациялау үшін Stata 16.0, IBM SPSS Statistics 22.0 және Microsoft Excel 2019 бағдарламалық пакеттері қолданылған, бұл алынған
		2) жоқ.	

			нәтижелердің шынайылығы мен объективтілігін қамтамасыз етеді.
		8.3 .3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеу нәтижелерімен дәлелденіп, расталған (педагогикалық ғылымдар бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген):	Диссертациялық жұмыстың теориялық тұжырымдары негізгі және бақылау топтары арасындағы көрсеткіштерді салыстыруды, сондай-ақ өмір сүру ұзақтығы, дозалық жүктеме және онкологиялық аурушандық деңгейі арасындағы өзара байланыстарды талдауды қамтитын бақылаулық (ретроспективті когорттық) зерттеу нәтижелерімен расталған. Бұл анықталған заңдылықтардың ғылыми тұрғыдан негізделгендігін дәлелдейді.
		1) <u>иә</u> ;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды тұжырымдар өзектілігі жоғары әрі шынайы ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен <u>толықтай</u> /ішінара/расталмаған түрде дәлелденген.	Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары өзекті және беделді ғылыми дереккөздерге жасалған сілтемелермен расталған. Олардың қатарына халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдар, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ), Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) құжаттары, сондай-ақ ұлттық нормативтік-құқықтық актілер жатады.
		8.5 Пайдаланылған әдеби дереккөздер әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз.	Диссертацияда пайдаланылған әдеби дереккөздер әдеби шолуды жүргізу және зерттеу нәтижелерін интерпретациялау үшін жеткілікті болып табылады.
9	Практикалық құндылық қағидасы	9.1 Диссертациялық жұмыс теориялық маңызға ие:	Диссертациялық жұмыс теориялық маңызға ие. Жұмыста уран өндіру кәсіпорындарының қалдық қоймалары маңында тұратын тұрғындар арасында радиациялық факторлардың онкологиялық аурушандыққа әсері жөніндегі ғылыми түсініктер кеңейтіліп, теориялық тұрғыдан негізделген тұжырымдар ұсынылған. Алынған нәтижелер эпидемиология, радиациялық медицина және профилактикалық медицина салаларындағы қолданыстағы ғылыми базаны толықтырады.
		1) <u>иә</u> ;	
		2) жоқ.	

		<p>9.2 Диссертациялық жұмыс практикалық маңызға ие және алынған нәтижелерді нақты тәжірибеде қолдану ықтималдығы жоғары:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс айқын практикалық маңызға ие және алынған нәтижелерді нақты тәжірибеде қолдану ықтималдығы жоғары. Жұмыста әзірленген ұсынымдар канцерогендік қауіп-қатерлерді төмендетуге бағытталған іс-шараларды жоспарлау, санитарлық-гигиеналық және профилактикалық шараларды жетілдіру, сондай-ақ техногендік жүктемесі жоғары өңірлерде радиациялық-гигиеналық мониторингті жүзеге асыру барысында қолдануға мүмкіндік береді.</p>
		<p>9.3 Практикаға арналған ұсынымдардың жаңалығы:</p> <p>1) толықтай жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25–75% жаңа элементтерден тұрады);</p> <p>3) жаңа емес (жаңа элементтері 25%-дан төмен).</p>	<p>Практикаға арналған ұсынымдар белгілі бір дәрежеде жаңалыққа ие. Радиациялық әсермен байланысты онкологиялық аурушандықты талдау бойынша ұсынылған тәсілдер мен әдістемелік ұсынымдар қолданбалы сипатқа ие және бұрын жүргізілген ұқсас зерттеулерде қолданылған әдістерден ішінара ерекшеленеді.</p>
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс академиялық ғылыми жазу талаптарына толық сәйкес орындалған. Мәтіннің құрылымы логикалық тұрғыдан жүйелі, баяндау стилі бірізді, лексикасы нақты әрі медицина саласына тән ғылыми терминология дұрыс қолданылған. Жұмыстың рәсімделуі қолданыстағы нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді.</p>
11.	Диссертация бойынша ескертулер	<p>Мәтіннің жекелеген фрагменттерінде ғылыми терминдер мен ұғымдардың синонимдік қатарда әртүрлі қолданылуы байқалады, бұл кейбір тұстарда баяндаудың стилистикалық бірізділігіне әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты соңғы редакциялау барысында терминологиялық бірізділікті күшейту және жекелеген грамматикалық әрі тыныс белгілеріне қатысты ұсақ редакциялық түзетулер енгізу ұсынылады. Сонымен қатар, нәтижелер бөліміндегі кейбір кестелер мен суреттерге берілген түсіндірмелерді кеңейту, сондай-ақ көрнекі материалдардың рәсімделуін (оқылымдылығын) жетілдіру жұмыстың презентациялық сапасын арттыра түсер еді. Аталған ескертулер ұсынымдық және редакциялық сипатта болып табылады және диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығына әсер етпейді.</p>	

12.	Зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың ғылыми мақалаларының ғылыми деңгейі (егер диссертация мақалалар топтамасы түрінде қорғалса, ресми рецензенттер докторанттың әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне пікір білдіреді)	Докторант жүргізілген зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелерін қамтитын ғылыми мақалалар жариялаған. Жарияланған еңбектердің ғылыми деңгейі PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Мақалалар: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда; Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған. Публикациялар авторлық деректерге, статистикалық талдауға, графикалық материалдарға және нәтижелерді интерпретациялауға негізделген, бұл докторанттың ғылыми дербестігі мен жетілуін көрсетеді. Мақалалардағы тұжырымдар ғылыми негізделген және диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Докторанттың Хирша индексі – 4.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес)	Рецензияланып отырған диссертациялық жұмыс медицина және денсаулық сақтау саласындағы теориялық және практикалық маңызы жоғары, өзекті тақырыпқа арналған аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Жұмыс ғылыми жаңалығымен, әдістемелік тұрғыдан негізділігімен, алынған нәтижелердің сенімділігімен және академиялық жазу сапасының жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыс «Философия докторы (PhD) дәрежесін беру тәртібі туралы Үлгілік ереженің талаптарына, сондай-ақ «Медицина» даярлау бағыты бойынша диссертациялық жұмыстарға қойылатын негізгі критерийлерге толық сәйкес келеді деп есептеймін. Ілбекова Құралай Бақытбекқызына 8D10102 - «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жалпы биология және геномика кафедрасының меңгерушісі,
медицина ғылымдарының докторы, профессор



Ильдербаев О.З.

